БҰЛАНДЫ АУДАНЫ

# BULANDY AQPARAT

Аудандық қоғамдық-саяси газет
Районная общественно-политическая газета

№ 34 (484)
22.08.2025

## Өзекті мәселелерге қоғамдық көзқараспен

Амангелді Қамелиновтың төрағалығымен Қоғамдық кеңестің отырысы өтіп, онда бірқатар өзекті мәселелер қаралды. Аудандық экономика және қаржы бөлімі басшысының орынбасары Оксана Горбач кеңес мүшелері алдында 2025 жылға арналған бюджетті нақтылау бойынша сөз сөйледі. Сондай-ақ, кеңес отырысында Бұланды ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 13 маусымдағы No А-06/175 «Аудандық бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларына жергілікті бюджет қаражаты есебінен қосымша төлемдер белгілеу тәртібі мен шарттарын айқындау туралы» қаулысы қаралды. Аталған сұрақ бойынша «Орталықтандырылған кітапхана жүйесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бас есепшісі Ольга Пашина түсініктеме берді. Күн тәртібіндегі үшінші, ең өзекті мәселе – аудандағы алдағы 2025-2026 жылдардағы жылу беру маусымына дайындық шаралары. «Макинск жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорны директорының міндетін атқарушы Азамат Алдабергенов дайындық жұмыстары қалай жүріп жатқанын, қандай жұмыстар атқарылғаны туралы тілге тиек етті. Коммуналдық кәсіпорын басшысы атап өткендей, бүгінде дайындық жұмыстары аяқталуға жақын, жұмыстың 90 пайызға жуығы орындалды. Қажетті учаскелерде жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жабдықтар элементтері ауыстырылды. Көп жылдық тәжірибе көрсеткендей, жылу беру науқанының барысы дайындық жұмыстарының сапасына тікелей байланысты. Сондықтан да, бүгінде «Макинск жылу» мекемесінің басшылығы кәсіпорын қызметіне қатысты мәселелерді жедел шешуде. Жылыту маусымының басталуына аз ғана уақыт қалды, сондықтан орталықтандырылған жылу алатын барлық нысандардың дайын болуы және маусымның еш кедергісіз, тиісті деңгейде өтуі маңызды.



## Насущные темы – на контроле Общественного совета

Под председательством Амангельды Камельинова состоялось заседание Общественного совета, на котором был рассмотрен ряд актуальных вопросов. По уточнению бюджета на 2025 год перед членами совета выступила заместитель руководителя районного отдела экономики и финансов Оксана Горбач. Также совет рассмотрел постановление Буландынского районного акимата от 13 июня 2025 года № А-06/175 «Об определении порядка и условий установления за счет средств местного бюджета доплат к должностным окладам работников организаций, финансируемых из районного бюджета», по которому разъяснила главный бухгалтер Коммунального государственного учреждения «Централизованная библиотечная система» Ольга Пашина. Третьим вопросом повестки дня, пожалуй, самым актуальным явился вопрос подготовки района к предстоящему отопительному сезону 2025-2026 гг. О том, как проходит подготовка, какая проведена работа, информировал общественников и.о. директора ГКП на ПХВ «Макинск Жылу» Азамат Алдабергенов. Как пояснил руководитель коммунального предприятия, на сегодняшний день подготовительная работа близится к завершению, выполнено порядка 90 процентов работ. Проведены ремонтные работы на требуемых участках, произведена замена элементов оборудования. Как показывает многолетняя практика, от качества подготовительных работ напрямую зависит ход отопительной кампании. Поэтому сегодня руководство «Макинск Жылу» держит, что называется, руку на пульсе, своевременно решает все задачи, связанные с деятельностью предприятия. До отопительного сезона остается немного времени, поэтому важно, чтобы все объекты, получающие центральное тепло, были готовы и сезон прошел благополучно, без срывов.



**А. АМАНЖОЛОВА.**




## Жас таланттың жеңісі – аудан мерейі

Биыл ұлы ойшыл, кемеңгер, қазақ атын әлемге танытқан хакім Абайдың 180 жылдығы ел болып атап өтті. Әсіресе ақынның туған топырағы ерекше дүбірге бөленді. Ұлттық құндылықтар ұлықталған, артына өлмес мұра қалдырған ақынға ерекше құрмет көрсетілген күн болды. Осы бір мерейтой қарсаңында ақынның елінде 8-11 сынып оқушылары арасында халықаралық мәртебеге ие болған шығармашылық байқау өтті. Ұлы ақынның 180 жылдығына арналған байқауға Алтай өлкесі, Өзбекстан, Қытай, Моңғолия және Түркіменстаннан өнері жастар келіп бақ сынады. Бұл байқауда жерлесіміз Нұрғиса Елешұлы Ақмола облысының намысын қорғады. Абай әндерін шырқаған шығармашылық байқауда Нұрғиса жүлделі 2-орынды еншіледі. Нұрғисаның жүзден жүйріктердің ішінен топ жаруы біз үшін үлкен мәртебе.



Көкше төрінде «Абайдың қазақ мәдениеті мен әдебиетіндегі орны» атты облыстық конференция өтті. Абай шығармаларының мәні, тұңғиық тереңінен сыр шертken конференцияның көпшілікке берер пайдасы мол болды. Конференция барысында өнерде өрге басып, топ жарып жүрген жастар марапатталды. Семей өңірінен жүлделі оралған жерлесіміз Нұрғиса Елешұлы да бұл марапаттан тыс қалмады. Аудан абыройын асқақтатқан жас талантқа өнер биігінде самғаған қанатын талмасын дегіміз келеді.

Жалпы Нұрғиса жастайынан әнжырға құмар, өнерге жақын болып өсті. Оған себеп әкесі Елеш Хабылханұлы есімі елге танымал айтыскер ақын. Өзі өнер саласына тер төккен тұлға болғандықтан ұл-қыздарын да төл өнеріміздің құндылықтарымен сусындатып келеді. Нұрғиса әншілік өнерден бөлек ақындар айтысында да жасындай жарқылдап республикалық додаларда топ жарған. Мәселен: Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласында Ерік Асқаров атындағы облыстық ақындар мектебінің 5 жылдығына орай «Толқыннан толқын туады» атты аймақтық оқушылар айтысында жүлделі 3-орынды еншіледі. Алматы қаласында өткен республикалық оқушылар айтысында екі рет 2-орын, Қызылорда қаласында өткен ақындар айтысында 1-орын, Павлодар қаласында өткен айтыста Бас жүлде, Астана қаласында өткен республикалық айтыста екі рет 1-орын иеленді. Халықаралық «Жұлдыздар жарқырайды» атты ән байқауында Бас жүлде еншіледі. Нұрғисаның басқа да облыстық, аудандық жүлделері жетіп артылады. Жазба поэзияда да өзіндік сүрлеуін салып келе жатқан жас талант. Құзар шыңы көксеп қиядан қанат сермеген жасқа тек биіктерді бағындыра бер дегіміз келеді.



**З. ЖАЙНАРБЕК.**

## «Таза Қазақстан» таза көшеден, рухани мәдениеттен, өзгенің еңбегіне деген құрметтен басталады



Қала тазалығы – мәдениеттің өлшемі. Аула мен көшелердің таза болып, жол жиектердің жасыл желекпен көмкерілуі, абаттандырылуы көзді қуантып қана қоймайды, тұрғындар үшін де өте маңызды.

«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында көктем мезгілінен бастап жалпы қалалық сенбіліктер, экологиялық акциялар өтіп, оған қала тұрғындары атсалысты. Бірақ жасыратыны жоқ, барша қала тұрғыны жұдырықтай жұмылса, нәтиже одан әрі керемет болар еді. Өйткені, тазалықты сақтау деген ұғым бірегейлікті, ортақ мүдде үшін атқарылған жалпы іс дегенді білдіреді.

Бүгінгі қаланың сыртқы келбетін айтсақ, шешімін күтіп тұрған іс аз емес. Ең бастысы, бұл өзіміз тұратын, еңбек ететін, өзгелерге мақтаныш ететін қаламыздың тазалығы мен көркі. Қаламызды сырттан өзге біреулер келіп ластамайды. Қаланы күл-қоқыстардың мекеніне айналдырып жатқан өзіміз. Күнделікті тазаланатын, әйтеуір кеше ғана қоқыстан арылған жерді бүлдірмей, таза ұстау мәдениетін игере алмай жатқан да өзіміз.

Әр саналы азамат өзі тұратын қаланың, елді мекеннің таза, көрікті болуы үшін үлес қосуы керек. «Ауылыңа қарап, азаматын таны» деп осыдан айтылған емес пе? Қоршаған ортаның тазалығы – әрқайсымыздың азаматтық міндетіміз.

«Тазалық – денсаулық кепілі»- демекші, көше тазалығына жауапты қызметкерлердің еңбегін бағалап, түсіністікпен қарау әрбір азаматтың қолынан келетін ізгі істердің бірі екенін ұмытпайық!

**А. АМАНЖОЛОВА.**
**Фото Е. АЛЕКСЕНКО.**

# АУДАН ТЫНЫСЫ – ПУЛЬС РАЙОНА

## Поздравляем!

***Уважаемый Алексей Владимирович!***



Аппарат Буландынского районного маслихата и депутатский корпус искренне поздравляют Вас с замечательным юбилеем! 70 лет - это целая жизнь, наполненная интересными событиями и значимыми свершениями. Вы добрый и мудрый человек и всегда для всех были примером порядочности, честности и позитивного взгляда на жизнь.

Ваш неутомимый и добросовестный труд, высокая ответственность в выполнении поставленных задач, следование стратегическим целям, гражданская инициатива – достойный пример для подражания молодому звену государственных служащих.

Позвольте выразить слова искренней благодарности за Ваш высокий профессионализм и безупречное выполнение служебного долга, за грамотный подход к своим обязанностям, за личные человеческие качества, за умение выслушать и поддержать.

От всей души желаем Вам, Алексей Владимирович, крепкого здоровья, долгих лет жизни, благополучия в семье, здоровья детям и внукам, сохранить своё чувство юмора и доброту. Пусть в сердце всегда горит огонь, а в душе никогда не погаснут мечты, радости вам, счастья и бодрого настроения!

**С уважением, аппарат и депутатский корпус Буландынского районного маслихата.**

## 70 славных шагов: мудрость, опыт, уважение

***Свой прекрасный юбилей – 70 лет – отметил ветеран труда и государственной службы, прекрасный человек с открытой душой и добрым сердцем, патриот своей малой Родины Алексей Владимирович Гончаров.***



Алексей Владимирович является постоянным подписчиком районной газеты, связь с «районкой» не теряет на протяжении многих лет. Как человек, посвятивший всю свою сознательную жизнь честному труду, будучи на заслуженном отдыхе, старается быть в курсе всех происходящих в районе преобразований и позитивных новостей. Признаюсь, за годы работы никогда не видела Алексея Владимировича в плохом расположении духа, это всегда улыбчивый, приветливый человек, который на вопрос о том, как обстоят дела, всегда отвечает, что все хорошо.

Алексей Владимирович родился 18 августа 1955 года, выпускник Кокшетауского университета имени А. Мырзахметова, бакалавр профессионального обучения.

Свою трудовую деятельность Алексей Владимирович начал в 1972 году токарем на Макинском заводе поршневых колец им. Ленина, затем мастером, начальником производства. В 1997 году переведен в ЗАО «Макинский завод поршнекомплект» начальником производства.

С мая 2001 года работал в ГУ «Аппарат Буландынского районного маслихата» сначала и. о. председателя ревизионной комиссии, с декабря - председателем ревизионной комиссии районного маслихата. С 2003 года - главным специалистом районного маслихата.

За время работы зарекомендовал себя способным и квалифицированным специалистом, постоянно работал над повышением своего профессионального уровня. Алексея Владимировича всегда отличали такие качества, как ответственность, добросовестность, усердие, трудолюбие. За годы работы в аппарате районного маслихата он сумел заслужить авторитет коллег, а также 14 лет на общественных началах являлся председателем профсоюза государственных служащих Буландынского района, где также ответственно выполнял общественную работу.

Награжден благодарственными письмами акима района, медалями в честь 20-летия, 30-летия образования маслихатов Казахстана, медалью Қазақстан Республикасының «Еңбек Ардагері», благодарственным письмом Департамента Агентства по делам государственной службы по Акмолинской области.

Алексей Владимирович всегда находится в центре общественной жизни района, избирался депутатом районного маслихата, на заслуженном отдыхе не составляет без внимания приглашения коллег для праздничных и юбилейных встреч.

Несомненным оплотом и поддержкой юбиляра является его семья – верная спутница жизни, двое сыновей и внуки. Они всегда окружают любовью и заботой главу семейства, а каждый новый успех детей и внуков – большая гордость для четы Гончаровых.

Поздравляя Алексея Владимировича со славным юбилеем, хотим пожелать крепкого здоровья еще на долгие годы, позитива и бодрости духа, благополучия семье и только радостных поводов для встреч с родными, друзьями и коллегами. Пусть юбилеев будет еще много!

**А. АМАНЖОЛОВА.**

Конституцияға – 30 жыл

## Конституция – тәуелсіздік тірегі

Тәуелсіз Қазақстан Республикасы құрылғаннан кейін, Қазақстанның барлық азаматтары жаңа мемлекетті таныды. Сөйтіп, олар өткен кезеңдегі тағдырларының тарихи бірлігін іс жүзінде дәлелдей отырып, біраузыдан жаңа мемлекетті бірлесе құруға әзір екендіктерін білдірді.

Тарихқа көз жүгіртсек, әрбір жеке тәуелсіз мемлекеттің ғасырлар бойы өз құнын жоғалтпай, мұра болып келе жатқан заңдар жинағы болады. Осындай Ата Заң біздің елімізде де, яғни Қазақстан Республикасында қабылданды. Бірақ, осыншама қысқа мерзімде өз Конституциямызды қабылдағанда, бізге таң қалған ел аз болған жоқ. Біз өлшеулі уақыт, табанды талап пен шығармашылық іс-әрекеттің арқасында алға қойған мақсатымызға жеттік. Қазіргі уақытта әлемнің төрт бұрышына кең танылған елміз. Бейбіт заманда өмір сүріп жатқанымыз Елбасымыздың сарабдал саясаты мен тура жолға бағыттап, бойтұмарымыз болған Ата Заңымыздың жемісі десек артық емес.

Қазақстан Республикасы Конституциясының идеяларын, принциптерін және нормаларын саяси, құқықтық жағынан талдау еліміздің экономикалық-әлеуметтік, рухани тұрғыда өсуіне серпіліс пен қуат беретінін көрсетеді.

Сөйтіп, Қазақстан Республикасы өзін демократиялы, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет екенін Конституциясымен бүкіл әлемге мойындатты. Қазақстан Республикасының Конституциясы тәуелсіз егемен мемлекеттің конституциялық дамуының жаңа кезеңіне жол ашқан заңы болды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы адамның құқығы мен бостандығын іске асыру, материалдық әл-ауқатты жақсарту, саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімді бекітудің, құқық тәртібі мен заңдылықты орнықтырудың сөзсіз шарты болып табылады.

Қорыта айтқанда, Конституция тек мемлекеттің ғана емес, қоғамның да Ата заңы болып табылады. Осы идеяның меншікке, азаматтардың құқықтарымен бостандықтарына, қоғамдық бірлестіктерге, отбасына және тағы басқаларға қатысы бар екендігін ұмытпауымыз керек.

Конституцияны қабылдай отырып, Қазақстан халқы мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі - өзінің егемен құқығын іске асырды. Сөйтіп, біз Конституцияда қаланған құқықтық мемлекетті және азаматтық қоғамды қалыптастыру жолын таңдап алдық.

Әрине, Қазақстан халқының егемен құқығы тек Конституция қабылдаумен шектеліп қалмайды. Ол мемлекеттің аса маңызды мәселелерін шешу үшін халықтың бойындағы барлық конституциялық-құқықтық мүмкіндіктерді де жинақтайды.

Мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін талқылау және шешу кезінде әрбір құқықтық санасы жоғары азамат Конституцияда бейнеленген жауапкершілікті сезінуі қажет. Қоғамның бүгіні мен болашағы үшін, жалпы алғанда өз Конституциямызды құрметтеп, қорғап және маңыздылығын жоғалтпай сақтауымыз біздің, яғни Қазақстан Республикасындағы әрбір азаматтың міндеті мен парызы. Себебі, бұл Конституция – Қазақстан Республикасының Ата Заңы.

**Д. НАУКЕНОВА,**
**Буланды аудандық сотының төрағасы.**

## Бюроның Байланыс орталығы ауыл шаруашылығы санағы аясында 8 мыңнан астам өтініш қабылдады

Тамыз айының басынан бастап Ұлттық статистика бюросының 1446 байланыс орталығы азаматтарға Ұлттық ауыл шаруашылығы санағына қатысу мәселелері бойынша белсенді түрде кеңес беріп келеді.

1 тамыздан бастап байланыс орталығына 10,5 мыңнан астам өтініш келіп түсіп, оның 8,4 мыңы тікелей ауыл шаруашылығы санағына қатысты болды.

Қазіргі таңда санақ онлайн форматта өтіп жатыр. Тамыз айының соңына дейін барлық ауыл шаруашылығы құрылымдары мен үй шаруашылықтары онлайн түрде sanaq.gov.kz ресми сайтында ауыл шаруашылығы санағынан өте алады.

Жедел кеңес алу үшін 1446 байланыс орталығы тәулік бойы жұмыс істейді. Сондай-ақ «Sanaq myrza» чат-боты мен сайттағы онлайн-консультант сияқты цифрлық байланыс арналары да қолжетімді.

Еске саламыз, санақтың екінші кезеңі 2025 жылғы 20 қыркүйектен 20 қазанға дейін өтеді. Бұл кезеңде интервьюерлер онлайн санақтан өтпеген үй шаруашылықтарын аралап, деректер жинайтын болады.

Ауыл шаруашылығы санағы – елдің аграрлық секторын тиімді дамыту үшін қажет сапалы статистиканы қалыптастыру мен ауыл шаруашылығы өндірушілері туралы деректерді өзектендіруде маңызды рөл атқарады.

* * *

## Контакт-центр Бюро обработал свыше 8 тыс. обращений в рамках сельхозпереписи

С начала августа контакт-центр Бюро национальной статистики 1446 активно оказывает консультационную поддержку гражданам по вопросам участия в Национальной сельскохозяйственной переписи.

С 1 августа в контакт-центр поступило и обработано более 10,5 тыс. обращений, из которых 8,4 тыс. касались непосредственно сельхозпереписи.

В настоящий момент перепись проходит в онлайн-формате. До конца августа все сельхозформирования и домохозяйства могут пройти сельскохозяйственную перепись онлайн на официальном сайте sanaq.gov.kz.

Для оперативного получения консультаций контакт-центр 1446 работает круглосуточно. Также доступны цифровые каналы связи, включая чат-бот «Sanaq myrza» и онлайн-консультанта на сайте.

Напоминаем, что второй этап переписи состоится с 20 сентября по 20 октября 2025 года. В этот период интервьюеры будут лично посещать домохозяйства для сбора данных у тех, кто не прошел перепись онлайн.

Сельскохозяйственная перепись играет ключевую роль в актуализации данных о сельхозпроизводителях и формировании качественной статистики, необходимой для эффективного развития аграрного сектора страны.

**stat.gov.kz.**

## Основной Закон страны

Конституция Республики Казахстан (Қазақстан Республикасының Конституциясы) - основной закон Казахстана. Действующая Конституция Республики Казахстан была принята на всенародном референдуме 30 августа 1995 года, в последующем в неё неоднократно вносились поправки. В соответствии с Конституцией, Республика Казахстан утверждает себя демократическим, светским, правовым государством, высшими ценностями которого являются человек, его жизнь, права и свободы. РК является унитарным государством с президентской формой правления. Единственным источником государственной власти является народ, который осуществляет её непосредственно через республиканский референдум, свободные выборы, а также путём делегирования своей власти государственным органам. Государственная власть осуществляется на основе Конституции и законов в соответствии с принципом её разделения на законодательную, исполнительную и судебную ветви. Ветви власти взаимодействуют между собой с использованием системы сдержек и противовесов.

Конституция Республики Казахстан провозгласила идеологическое и политическое многообразие, на основе которого в Казахстане созданы и работают различные политические партии и общественные объединения. Признаются и подлежат равной защите государственная и частная собственность. Земля и её недра, растительный и животный мир, другие природные ресурсы принадлежат народу. Государственным языком является казахский язык, однако в государственных организациях и органах местного самоуправления наравне с казахским официально употребляется русский язык. Государство заботится о создании условий для изучения и развития языков народов Казахстана. Конституция РК имеет высшую юридическую силу: все законы, указы Президента, постановления правительства, другие нормативно-правовые акты всех государственных органов должны основываться на её нормах и не должны противоречить им. Конституция имеет прямое действие на всей территории республики: граждане вправе защищать свои права и свободы в суде и других органах, ссылаясь на соответствующие положения Конституции. Государственные органы могут применять нормы Конституции при решении спорных вопросов.

**Буландинская РТИ КВК и Н МСХ РК.**

# КУЛЬТУРНАЯ ЖИЗНЬ РАЙОНА

## Вечер памяти Батырхана Шукенова














Главная сцена района в минувший четверг снова засверкала от блесков софитов и ярких талантов, благодаря которым в этот день состоялся настоящий праздник вдохновения и творчества – вечер памяти известного казахстанского певца, музыканта и композитора Батырхана Шукенова.

Следует отметить, что организатором концерта, собравшим хорошую аудиторию, стал студент 2 курса Казахского Национального Университета искусств, выпускник Макинской детской музыкальной школы Алпамыс Калымтаев.

Вечер памяти стал уникальной творческой площадкой, давшей возможность прикоснуться к легендарному творчеству Батыра, как его называли поклонники. Каждый номер – словно признание скорбящей души по кумиру, ведь Батырхан Шукенов оставил после себя огромное музыкальное наследие и добрую память. Перепевая знаменитые песни Шукенова зал словно переносился в музыкальную атмосферу конца 90-х и начала 2000 годов, ведь именно в эти годы о творчестве Шукенова заговорили повсюду далеко за пределами Казахстана.

Прекрасные песни Батырхана подарили зрителям как профессиональные вокалисты района, так и артисты, не являющиеся профессиональными музыкантами, но всей душой любящие искусство - Айгуль Тасанова, Владимир Сенчев, Айтпай Шанбаев, Нурсултан Тлеуханов, Назира Исабаева, Сакен Сыздыков, Жулдыз Тлеуханова, Алпамыс Калымтаев, Юрий Маренич и Наталья Моргунова.

Батырхан Шукенов писал не только широко известные песни, и стихи. Также он писал различные аранжировки для танцев. Поэтому в программу концерта были включены хореографические композиции в исполнении танцевальных коллективов «Ритм», «Алтынай» и «Радуга». Перед буландынской аудиторий также прозвучал красивый музыкальный номер для саксофона в исполнении музыканта Жансеита Тукибаева.

Весь вечер прекрасная музыка дарила гостям незабываемые эмоции и эстетическое удовольствие. Песни, которые многим знакомы с детства или молодости, словно возвращали в те далекие годы, погружая в приятную атмосферу ностальгии.

Финальным номером, по праву, стала песня «Джулия», под аккорды которой на сцену вышли все исполнители прозвучавших песен.

Завершился вечер памяти Батырхана Шукенова словами искренней благодарности и вручения приветственного адреса главному инициатору и вдохновителю всего проекта – талантливому и одаренному ученику Макинской детской музыкальной школы, а ныне студенту престижного отечественного ВУЗа искусств Алпамысу Калымтаеву от его педагога по классу фортепиано Ботагоз Ералиевны Турубаевой. Педагог выразила Алпамысу огромную благодарность за активность, неравнодушие, за умение объединить людей для общей цели. Пожелала успешной учебы и выдающихся достижений в мире музыки и искусства, вручив молодому артисту цветы, благодарственное письмо и памятный подарок.

Известный советский и казахстанский музыкант, композитор, саксофонист, певец, Народный артист Республики Казахстан, заслуженный деятель искусств РК, посол доброй воли ЮНИСЕФ в Казахстане, один из основателей и солист группы «А'Студио» Батырхан Шукенов, занявшийся после ухода из группы сольной карьерой, прожил недолгую, но яркую жизнь. Он оставил после себя не только богатое музыкальное наследие, но и теплый свет своей души и своего творчества…

**А. АМАНЖОЛОВА.**

*18 мая 1962 года, в тёплый весенний день, в городе Кызылорда, на берегу величавой Сырдарьи, родился мальчик. Его назвали Батырхан - имя, в котором звучит сила и благородство.*

*Кызылорда встретила его первыми шагами, первым смехом, первыми звуками музыки. Здесь он познал семейное тепло, родной язык, простые радости детства. Но очень скоро судьба привела его в город, который станет колыбелью его творческого пути, — в Алма-Ату.*

*Здесь, среди зелёных улиц и шумных базаров, Батырхан впервые всерьёз соприкоснулся с музыкой. Музыкальная школа, затем училище имени П. И. Чайковского — он учился настойчиво, упорно, отдавая музыке всё своё время.*

*Саксофон, фортепиано, вокал — в его руках любой инструмент оживал. Он был не просто учеником — он был человеком, который жил звуками. Музыка стала его первой и главной любовью.*

*Он рос тихим, вдумчивым, немного застенчивым. Но стоило ему выйти на сцену — и в зале царила магия. В каждом звуке, в каждой ноте уже тогда чувствовалось: перед людьми стоит артист, которому суждено оставить след в сердцах миллионов.*

В конце 80-х на музыкальной сцене Казахстана зазвучало имя, которому суждено было стать символом целой эпохи. Батырхан Шукенов стал солистом группы, которую позже узнает весь Советский Союз и за его пределами, — «А'Студио».

Это было время перемен, смелых решений и больших надежд. С первыми песнями пришёл успех: «Джулия», «Солдат любви», «Нелюбимая», «Белая река»… Эти композиции звучали в домах, на улицах, по радио и телевидению. Они стали саундтреком жизни целого поколения.

На сцене Батырхан был неподражаем. Его голос — мягкий, но сильный, трогательный, но уверенный — умел проникать в самую глубину души. Его саксофон — будто продолжение сердца. Каждая нота — откровение.

В пике славы он оставался тем же скромным, интеллигентным человеком, каким был в юности. В нём удивительно сочетались масштаб артиста и простота в общении.

«А'Студио» стало легендой, а Батырхан — голосом, который невозможно спутать ни с кем другим.

После ухода из «А'Студио» Батырхан начал новый этап — сольный путь. Каждый его альбом становился личным высказыванием, наполненным смыслом и теплом.

Он возвращался к корням, к казахским мелодиям, соединяя их с современным звучанием. Пел на русском и на казахском, но язык был не важен — его песни понимали сердцем.

В них были любовь, нежность, грусть, философия… и всегда — искренность. Он был артистом, который не гнался за модой, а создавал своё время в музыке.

Он поддерживал молодых музыкантов, участвовал в благотворительных проектах, сохранял простоту и открытость в общении. Даже после своей внезапной смерти в 2015 году Батырхан остаётся с нами — в песнях, в воспоминаниях, в сердцах людей.














# ХАЛЫҚ ЖҮРЕГІНДЕГІ ҚАЛАМГЕР

## «МҰЗЖАРҒЫШ». ЖАЗУШЫ ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИННІҢ ТУҒАНЫНА – 110 ЖЫЛ

***Биыл қазақтың көрнекті жазушысы Ілияс Есенберлиннің туғанына 110 жыл толып отыр. Осыдан 10 жыл бұрын Қазақстан Жазушылар одағында бірқатар қаламгерлердің, әдебиетші ғалымдардың қатысуымен жиын өткізген еді. Бұл жиынның тағы бір ерекшелігі, оның кезінде Ілияс ағамыз Қазақстан Жазушылар одағының екінші хатшысы болғандағы жұмыс қабинетінде өткендігі. Осы жердің өзі жазушы өмірінен сыр шертіп, көп жайттан хабар беріп тұрғандай. Басқосуды ашып, жүргізіп отырған Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының бірінші орынбасары Ғалым Жайлыбай тарихи тақырыпты қопара көтерген жазушының 100-жылдық мерейтойы Қазақ хандығының 550 жылдығымен қатар келіп отырғандығына назар аударды. Жоспарланған іс-шаралар да сол кезде жүзеге асқан еді: жазушының кітаптары, деректі фильмдердің шығуы, еңселі ескерткіштің бой көтеруі.***

Көзі қарақты оқырман жақсы білуі тиіс, І.Есенберлин жұртшылыққа алғашқыда ақын ретінде танылды. 1945 жылы «Сұлтан», «Айша» дастандары жарық көрді. Одан кейін «Адамгершілік туралы жыр» өлеңдер жинағы, «Большевик туралы поэма», «Біржан сал трагедиясы» дастандары оқырман қолына тиді. Алпысыншы жылдары ғана проза жанрына қалам тарта бастады: «Өзен жағасында» (1960), «Толқиды Есіл» (1965), орыс тілінде жазылған «Адам туралы ән» (1957) атты повестері жарияланды. «Айқас» (1966), «Қатерлі өткел» (1967), «Ғашықтар» (1968), «Қаһар» (1969), «Алмас қылыш» (1966), «Алтын құс» (1972), «Жанталас» (1973), «Көлеңкеңмен қорғай жүр» (1974) романдары, «Көшпенділер» трилогиясы (1976), «Маңғыстау майданы», «Аманат» (1978) романдары, «Алтын орда» трилогиясы (1982, 1983), «Махаббат мейрамы», «Алыстағы аралдар» (1983), «Аққу құстың қуанышы» (1984) романдары. Ол расында да кереметтей еңбекқор болатын. Алматыдағы тау-кен және металлургия институтын тәмамдағаннан кейін Жезқазған кенішінде инженер, содан соң майдангер, партия қызметкері, филармония директоры, шахта бастығы, «Қазақфильмнің» аға редакторы, «Жазушы баспасының директоры, Қазақстан Жазушылар одағының екінші хатшысы секілді жауапты қызметтерді атқара жүріп, соншама шығармаларды қалай өмірге әкелегеніне таңырқамасқа шараң жоқ. Жиынға қатысушыларды белгілі әдебиетші ғалым Шериаздан Елеукенов пен халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовтің ортаға салған ойлары қызықтырғаны даусыз. Олар кезінде Ілияс ағамызбен жүздесіп, талай сыр-әңгімеге қаныққан. Ш.Елеукенов Есенберлинмен Баспа комитеті жүйесінде қызмет етіп жүргенде кездескен. Қаламгердің шығармашылығы туралы, тіпті Одақ көлеміне дейін ұласқан қызыл кеңірдек айтыстарға қатысып, оған араша түскен. Бертінде, тәуелсіздік жылдары М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Қазақ әдебиеті тарихының» он томын құрастырғанда соның тоғызыншы томындағы «Ілияс Есенберлин» атты ғылыми очерк Шериаздан ағамыздың қолынан шыққан. – «Қаһардың» алғашқы аты «Хан Кене» болатын. «Хан Кене» болып шығару қиын болды. Содан ақылдаса келе кітап баспадан шығарда біз «Қаһар» деп ат қойдық. Біз деп отырғанымыз кімдер? Өзі баспаға директор болып келген соң жан-жақтан жастарды шақырды. Мені «Қазақ әдебиетінде» істеп жүрген жерімнен шақырды. Мұхтар Мағауинді, Рамазан Тоқтаровты, Тұтқабай Иманбековті шақырып алды. Кілең жастарға арқа сүйеді. Ілекеңнің сол кезде ең даулы – тарихи тақырыпқа баруы оның керемет жүректілігін, керемет отансүйгіштігін, ұлтшылдығын көрсетеді. Ол кісі кейінгі қаламдас інілеріне жол ашты. Тарихи мектепті қалыптастырды. Менің «Даразбозды», «Соңғы көшті», Мұхтардың «Аласапыранды» жазуына... бәріне жол ашқан Есенберлиннің романдары. Мұзжарғыш кемедей алға жол тартты, – деді жазушы Қ.Жұмаділов. Ілияс Есенберлин мен Дінмұхамед Қонаев арасында жақсы қарым-қатынас болғандығынан ел ішіндегі әңгімелерден хабардармыз. Бұл жайтқа етене қаның екенін Қабдеш Жұмаділов сөйлеген сөзінде аңғартты: – Ілекеңнің әдебиетке келуіне тікелей ықпал еткен – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Ілекеңді айтқан кезде, Қонаевты айтпасақ болмайды. Екеуі ежелден таныс болған. Қонаев Мәскеуден оқу бітіріп, Балқашта бас инженер болып жүргенде, Ілияс Есенберлин политехникалық институтта студент. Димекеңнің қоластына барып, тәжірибеден өтеді. Ол кезде тау-кен инженері дейтін аз. Саусақпен санарлықтай. Екеуі жақсы таныс болады. Димекеңнің инженерлік тәжірибесін көрген шәкірті. Содан кейін тағы жолдары түйісіп отырады. Бұл кісі соғыста болған. Бір аяғынан ауыр жараланып елге қайтады. Ілекең жүргенде сылтып басатын. Қатар жүргенде кісінің қолынан ұстап алатын. Майданнан келгесін Орталық Комитетте істеді. Орысшаға жүйрік. Қазақшасынан орысшасы мықты сияқты болып көрінетін. ОК-тің ауыр өнеркәсіп бөлімінде істейді. Қонаев Министрлер Кеңесі төрағасының өнеркәсіп жөніндегі орынбасары. Екеуінің де саласы бір. Сөйтіп жүргенде жолдары айырылып кетеді. Димекең басқыштап, өрлеу жолымен кетеді. Ілекең құлдырау жолымен кетеді. Асыра сілтеу кезінде Ілекең сотталады. Алған әйелі Жүсіпбек дейтін «халық жауының» қызы болып шығады. Осылар ылғи да алдынан шығып, құлдырайды ғой. Содан қалай табысты дейсіз ғой? 1967 жылы Жаңа жылдың басында Қонаев киностудияны аралап жүреді ғой. Сонда Ілиястың киностудияда аудармашы болып, күн көріп жүрген кезі. Қонаев аралап келе жатып, Ілиясты көріп қалады. «Ілияс сенбісің? Барсың ба?» дейді. Әбден ойында қалған. Бірақ көріспегендеріне он жылдай уақыт болған. «Бармыз ғой, Димеке. Қайсыбірін айта берейін. Аман жүрміз, әйтеуір» дейді. Сол кезде Қонаев көмекшісіне: «Келесі жұмада Ілиясты маған кіргізетін болыңдар» дейді. «Сонда әңгімелесейік» деп өте шығады. Келесі жұмада әңгімелеседі. Ілекең бар жағдайды ортаға салады. «Қазір не істеп жүрсің?» дейді. «Киностудияда, аудармашы...». «Бұрын филармонияда директор болдың. Опера театрына директор керек болып тұр. Соған жіберсем қайтеді?» дейді Димекең. Сонда Ілекең күлдім дейді. Өзінің маған айтып берген әңгімесі. «Ой, Димеке, баяғыдай қыз-келіншектердің тілін табатын жастан өтіп кеттік қой. Мен әдебиетшімін. Жазған кітаптарым бар. Одан да маған «Жазушы» баспасының директорлығын беріңіз деп айттым» дейді. «Жарайды» депті. 1967 жылдың наурыз айында Ілекең «Жазушы» баспасына директор болып келді. Керемет жаңалық! Ешкім білмейтін Ілияс Есенберлин деген біреу «Жазушы» баспасына директор болып келеді. Директор болмаса, Қонаев оны қолдамаса Ілекең кейінгі романдарын жазбас еді. Жазса да шығара алмаған болар еді. Осы ретте, Димаш Ахметұлы Қонаевтың әдебиетке деген ерекше қамқорлығын атап өткім келеді. Ілияс Есенберлиннің өз заманындағы қаламдастарынан басты ерекшелігі не еді? Оның батылдығы, қайтпас қайсарлығы. Қазіргі егемен елдің жастары таңданып, таңырқауы мүмкін: алпысыншы-жетпісінші жылдары «қазағым», «ұлтым» деп айту, хандарды, билерді ауызға алу оңай болған жоқ. Кеңестік саясат бұл ұғымдарды жақтырмады. Жақтырмағанын айтасыз, итжеккенге айдап жіберген жоқ па? Бұған бір ғана мысал – тарихшы ғалым Ермұқан Бекмахановтың өмірі. Кенесарыны жазам деп басы бәлеге қалған Бекмаханов Сібірден енді оралып жатқанда бұған ерегіскендей Есенберлин қорықпастан, тайсалмастан осы тақырыпты көтеріп жатты. Хан Кенені, анау-мынау емес, кітабының бас кейіпкері етіп алды. Мұны ерлік демей, басқаша қалай атар едік? Кітаптарының аттарының өзі кеңес саясатын шошындырардай: «Алтын орда», «Көшпенділер», «Алмас қылыш» және т.б. Алайда Ілекең тартынбады. Қабдеш Жұмаділов айтқандай алға қарай тарта берді. Жазушының қазақтың батыр ұшқышы Нұркен Әбдіровке арнаған өлеңінде мына бір шумақ бар: Жай оғындай көктен түсіп жан берген, Ел аузында ән боп аты тербелген. Ол кім еді? Жоқтар туған даласы, – Нұркен атты ол қазақтың баласы. «Бұл өлеңнің алтын қазығы – «қазақ баласы» деген сөз. Сол сөз Ілияс Есенберлиннің былайғы шығармаларының идеялық өзегіне айналды» деді Ш.Елеукенов. І.Есенберлин тек тарихи тақырыптарды көтерумен шектелген жоқ. Өзі өмір сүрген заман тынысын арқау еткен туындыларды да жарыққа шығарды. Мәселен, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығына ие болған «Айқас» романында кен өндіруге қатысты өндірістік мәселелер сөз болды. «Махаббат мейрамы», «Аққу құстың қуанышы» романдарында көтерілетін жайттар – шығармашылық иелері арасындағы талас-тартыс, арамдық пен адалдықтың бітіспес күресі. «Алтын құстағы» махаббат хикаялары да өмірден алынғандығы байқалады. Қаламгер өлең, повесть, романдардан өзге пьеса, киносценарий жазып та бұл жағынан жүйріктігін байқатқаны белгілі. Бұл туралы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, жазушы Нұрдәулет Ақышев былай деді. – Ол кісінің драма жанрында да қалам тартқанын, тіпті киносценарий жазып, сол бойынша көркем фильм түсірілгенін де осындай мерейтой үстінде қаперде жаңғыртып өткеніміз абзал. Өйткені қаламгер шығармашылығын зерттеушілер аузынан көп айтыла бермейтін қырының бірі де осы. Мысал үшін алатын болсақ, «Таудағы тартыс» пьесасы 1962 жылдан бастап республикалық балалар мен жастар театрында біраз уақыт қойылып жүрді. М.Ерзинкянмен бірігіп жазған «Құйма» киносценарийі бойынша 1961 жылы фильм түсіріліп, ол Кеңес Одағы республикаларында және венгр, поляк, болгар экрандарында көрсетілді. Реті келгенде, жазушының тағы бір қыры жөнінде айта кетейік. Оның жекелеген өлеңдеріне әндер де жазылған. Қолдағы бар дерек, Ілекеңнің қырықтан астам ән мәтіндерінің авторы екендігін айғақтайды. Н.Ақыш жазушының «Көшпенділер» трилогиясы өз кезеңінде ерекше құбылыс болып саналғанын атап көрсетті: – Алғашқы кітаптың мазмұны он бесінші-он алтыншы, екінші кітаптікі он жеті-он сегізінші ғасырлардағы, ал үшіншісінің мазмұны он тоғызыншы ғасырдағы қазақ даласында тарихи тұрғыдан елеулі орын алған оқиғалардың соқталы дегендері жайында әңгімелеуге құрылған. Алғашқы кітап «Алмас қылышта» қазақ халқының халық ретінде ұйысуға қам жасап, бір замандарда Шыңғыс хан құрған алып империяның сілемдері Ақ орда, Көк орда сияқты құрылымдардан тәуелсіздік алуға ұмтылуы, сөйтіп өз алдына ел болу жолындағы тағдыры сөз болады. Үш кітапта аттары аталатын тарихи адамдардың саны қыруар және олардың басым бөлігінің көркем туындыда көрінуге тиісті қырлары, яғни мінез-құлқы, ой дүниесі, дүниетанымы, сыртқы-ішкі портреттері, психологиялық ерекшеліктері бірсыдырғы жақсы ашылған. Осы арада жазушының зерттеушілік, ғалымдық жұмыстарының өзі қыруар болғанын да ескерусіз қалдырмаған жөн. Аталған трилогияның тарихи көркемдік, композициялық тұрғыдан алып қарағандағы басқа шығармалардан алабөтен ерекшеленіп тұратын бірегейлігі – оның уақыт кеңістігінде бір-бірінен шалғай жатқан кезеңдер мен кейіпкерлерді алып, көркемдіктің бір алтын арқауының бойына шоғырландыра алуында. Уақыт кеңістігін осынша кең соза отырып (XIV-XIX ғасырлар), ортақ көркемдік идеяның тінінен ажырамау, бірінші кітаптағы ойдың тұпқазығын соңғы кітапта да босаңсытпай алып шығу шеберлік нышандары екендігі сөзсіз. «Көшпенділердің» қызыға оқылуының тағы бір себебі – жазушының тарих қатпарларында көнеріп қалған түрлі оқиғаларды жалғанның жарығына шығара отырып, көркемдік ой жүйесін түзе білгендігінде. Ауқымды шығарманың өнбойында негізінен сөз болатын жайлар – қазақ халқының талайлы ауыр тағдыры, ұлт болып ұйысу жолындағы бастан өткізген түрлі аласапырандары, ынтымақтасу, бірігу барысындағы бастан асып жатқан қиыншылықтар, сырттан, іштен төнген қилы қауіптер, билік басындағы хандар мен олардың айналасындағылардың ірілі-уақты интригалары, жекелеген тұлғалардың басынан өткен оқиғалар. Пікір алмасуға қатысқан жазушы Марал Сқақбай оң ұсыныс білдірді: – Ілекеңнің ерекшелігі – тарихшылардың бере алмағанын беруі. Ешкімнің қолына түспей жатқан көптеген материалдарды жарыққа шығаруы шын мәнінде ерлік болатын. Расында да, Есенберлин қазақ әдебиетіндегі тарихи тақырыпқа жол ашты. Мұнан кейін бұл тақырыпқа қалам тербеген жазушыларымыз көп болды. Алайда олар Ілекеңнің артынан ілескен інілері есебінде жүрді. Бізде тарихи тақырыпқа жазатын азаматтар бар екендігін айттым. Сондықтан сондай қаламгер арасында бәйге жариялап, жүлдегерлерге Ілияс Есенберлин атындағы әдеби сыйлық беріп отырсақ қандай жақсы. Осы Жазушылар одағының қаперінде болса. Жазушы-драматург Сұлтанәлі Балғабаев Есенберлин шығармалары бүгінгі күнге дейін қызғылықты оқылатынын айта келе, «Осы басқосуды ұйымдастырып отырған Жазушылар одағы мен Әдебиет және өнер институтының байланысы бұдан былай да нығая түссе нұр үстіне нұр болар еді» деген ойын жеткізді. Сыншы Бақыт Сарбалаев жазушы мұрасын зерттеуге мән берілу керектігіне тоқталды. Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымының докторы Гүлжаһан Орда Есенберлин жол ашып кеткен тарихи тақырыпты көтеру бүгінгі күні кеңірек жалғасын тауып отырғанын тілге тиек етті. Пікір білдірушілердің сөзі мына түйінге келіп тоқайласты: Жазушы Ілияс Есенберлин ұлтқа қызмет еткен қаламгер. Оның шығармаларының әлі күнге оқырман қолынан түспей жүруінің де сыры осы болар. – «Қаһардың» алғашқы аты «Хан Кене» болатын. «Хан Кене» болып шығару қиын болды. Содан ақылдаса келе кітап баспадан шығарда біз «Қаһар» деп ат қойдық. Біз деп отырғанымыз кімдер? Өзі баспаға директор болып келген соң жан-жақтан жастарды шақырды. Мені «Қазақ әдебиетінде» істеп жүрген жерімнен шақырды. Мұхтар Мағауинді, Рамазан Тоқтаровты, Тұтқабай Иманбековті шақырып алды. Кілең жастарға арқа сүйеді.





**Н. ДОМБАЙ, kazgazeta.kz.**

# ХАТТАР ҚОРЖЫНЫ – ПИСЬМА В РЕДАКЦИЮ

## В атмосфере радости, творчества и дружбы

В Модельной детской библиотеке в рамках кружка «Волшебство детских рук» состоялось увлекательное творческое занятие «Цвета радуги глазами детей» в технике «Алмазная мозаика».

Юные участники не только узнали, как и почему появляется радуга, но и познакомились с удивительным видом рукоделия, в котором маленькие «драгоценные камушки» складываются в яркую картину.

Работа заиграла всеми красками: красный, оранжевый, жёлтый, зелёный, голубой, синий, фиолетовый - каждый цвет нашёл своё место. Дети работали с большим увлечением, проявляя терпение, внимание к деталям и художественный вкус. Алмазная мозаика развивает усидчивость, мелкую моторику и творческое мышление. В ходе мероприятия специалист детской библиотеки Айдана Ериковна провела обзор книг по искусству и творчеству, которые способствуют развитию эстетического восприятия, и мотивирует к самостоятельному творчеству.

В итоге получились настоящие шедевры - сверкающие, как настоящая радуга после дождя!

А главное - в зале царила атмосфера радости, творчества и дружбы.

**А. ЕСИМОВА, специалист Модельной детской библиотеки.**








## Белсенділігі үшін өңір басшысынан марапат алды

Жастар – қоғамның қозғаушы күші ғана емес, елдің тірегі, мемлекеттің белсенді бөлігі. Тәуелсіздігімізді нығайтып, елімізді дамыту – қазіргі жастардың басты міндеті. Бүгінгі таңда тәуелсіз елдің жалынды жастарына мемлекет тарапынан жыл сайын барынша қолдау көрсетіп, түрлі бағдарламалар жүзеге асуда.

Халықаралық жастар күнін мерекелеу аясында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға үлесі, өңірлік іс-шараларға қатысқаны үшін Бұланды ауданының Жастар ресурстық орталығының волонтері Раушан Сатыбалдина облыс әкімі Марат Ахметжановтың Алғыс хатымен марапатталды.

Сатыбалдина Раушанды еңбегі үшін берілген жоғары марапатымен құттықтаймыз және одан әрі табыс пен шабыт тілейміз! Алдағы оқу жылында оқуды жақсы бітіріп, жоғары оқу орнына түсіп, биік белестерден көрінуді тілейміз!

**Бұланды аудандық жастар ресурстық орталығы.**





Құрметті
Раушан Маратқызы!

Жастар – ел болашағының кепілі. Мемлекетіміздің мерейін үстем етіп, егемен елімізді өркендету жолында жастарға артылар сенім мен талап зор. Жаңа Қазақстанды қалыптастыратын да жастар.

Халықаралық жастар күнін мерекелеу аясында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға қосқан үлесіңізге шынайы алғысымды білдіремін. Өңірлік іс-шараларға белсенді қатысып, жастар саясатын дамыту жолында атсалысып, танылып үлгердіңіз. Алдағы уақытта да еліміздің өркендеуі мен нығаюына бар күш жігеріңіз бен біліміңізді салатыныңызға нық сенімдімін. Еліміздің жарқын келешегі үшін өз үлесіңізді қоса беруіңізге тілектеспін.

Барша бастамаларыңызға сәттілік, деніңізге саулық, толағай табыс пен бақ-береке тілеймін! Әрдайым келешегі кемел еліміздің болашағына қосар үлесіңіз мол болсын.

Ізгі ниетпен,
Ақмола облысының әкімі М. Ахметжанов

## Танцевальный коллектив «Вайнах»: первые шаги и первые победы

Танец… Одно из прекраснейших искусств. С его помощью на сцене танцор рисует картину и передаёт в зрительный зал. Танцем можно выразить своё внутреннее чувство, которое невозможно передать словами. Танец - это ритм жизни, это биение сердца, это дыхание. Он говорит не языком человеческим, но красноречив языком тела. Танцы заставляют человека чувствовать себя умиротворенным и энергичным после долгого дня, помогают обрести уверенность и развить харизму. Они также полезны для раскрытия внутреннего потенциала.

Творческая сфера района недавно пополнилась еще одним коллективом - танцевальным коллективом «Вайнах». Официальным днем основания коллектива является 22 марта текущего года, а 1 июня коллектив впервые выступил на районной сцене на праздничном мероприятии, посвящённом Международному защиты детей.

29 июня танцевальный коллектив «Вайнах» принял участие в Международном творческом конкурсе в номинации «Хореография», проходившем в г. Щучинске и занял 2 место, а 3 августа завоевал Гран-при в Международном конкурсе, который состоялся в г. Алматы!

Всего в коллективе 26 участников в возрасте с 7 до 15 лет. Коллектив неоднократно выступал на мероприятиях нашего города.

Руководителем коллектива является Мадина Евлоева, хореограф из города Кокшетау - Корней Туманов. Они делают всё возможное, чтобы развить в детях эстетический вкус, привить любовь к танцам и искусству, учат как красиво танцевать, держаться на сцене, устанавливать связь с аудиторией и зрителями. Учат трудолюбию и стойкости духа, командной сплоченности и уверенности в себе. Ведь танец – это огромный мир, чтобы покорить его надо иметь терпение. С первых дней коллектив завоевал любовь и признание зрителей своим зажигательным танцем «Ловзар». Хотелось бы пожелать коллективу новых перспектив, ярких выступлений и лучших побед!

**От лица родителей участников коллектива «Вайнах».**








## Предупрежден – значит вооружен!

В связи с понижением температуры воздуха использование в домах печного отопления и электрообогревательных приборов становится крайне необходимым. Тем самым риски возникновения пожаров в жилом секторе значительно увеличиваются. В этой связи, согласно приказу начальника департамента по чрезвычайным ситуациям Акмолинской области, с 15 августа по 15 сентября объявлен месяц пожарной безопасности.

В связи с чем, Департаментом по чрезвычайным ситуациям Акмолинской области усилена агитационно-профилактическая работа в области пожарной безопасности с работниками акиматов, местных полицейских служб, с волонтерами.

В целях недопущения пожаров и гибели людей, сотрудниками территориальных и структурных подразделений Департамента по чрезвычайным ситуациям Акмолинской области совместно с местными исполнительными органами проводятся рейдовые мероприятия по соблюдению правил пожарной безопасности в жилом секторе в отопительный период.

Основная цель рейдов – призвать жителей к проявлению сознательности и исключению нарушений правил пожарной безопасности. Сотрудники ДЧС объяснили, что недопустимо нагружать электросети, нарушать правила пожарной безопасности при эксплуатации электроприборов и газового оборудования.

Чтобы избежать пожаров в вашем доме, помните и соблюдайте основные правила пожарной безопасности: при использовании отопительных приборов запрещено пользоваться электропроводкой с поврежденной изоляцией; не устанавливайте электронагревательные приборы вблизи сгораемых предметов; не забывайте, уходя из дома, выключать все электронагревательные приборы; не забывайте очищать от сажи дымоходы перед началом отопительного сезона и через каждые три месяца в течение всего отопительного сезона; не используйте печи, имеющие трещины; не оставляйте без присмотра топящиеся печи, включенные электронагревательные и газовые приборы; не допускайте одновременного включения в электросеть нескольких мощных потребителей электроэнергии, вызывающих перегрузку электросети; следите за исправностью всех электробытовых приборов; при наличии запаха газа в квартире не допускайте включение электроосвещения, зажигания спичек, курения, применения открытого огня. В случае допущения необходимо немедленно вызвать аварийную службу газа и до ее прибытия тщательно проветрить помещения; не оставляйте детей дома одних, когда горит газовая плита, топится камин, печь или включены электроприборы.

В случае пожара или появления дыма немедленно сообщите в пожарную службу по номерам «101» или «112», указав точный адрес.

**Отдел по чрезвычайным ситуациям Буландынского района.**

# КІТАП – САРҚЫЛМАС БІЛІМ БҰЛАҒЫ

## Модельді балалар кітапханасында кітаптар қоры толықты

***Құрметті оқырмандар!***

Біздің кітапханаға әртүрлі жастағы балаларға арналған жаңа кітаптар келіп түскенін қуана хабарлаймыз. Сіздерді кітапханамызға келіп, жаңадан келген кітаптармен танысуға шақырамыз.

Назарларыңызға Ғ. Мүсіреповтың «Оян қазақ», Ә. Әлімжановтың «Стрела Махамбета», І. Есенберлиннің «Көшпенділер» («Кочевники»), Б. Соқпақбаеваның «Менің атым Қожа» және т.б. кітаптарын ұсынамыз. Қорымызда балаларға арналған қызықты ертегілер, ағылшын тілінде туындылар, өзін-өзі дамыту туралы кітаптар бар.

Әдебиет әлеміне саяхат жасап және өзіңізге қызықты нәрсе табу мүмкіндігін жіберіп алмаңыз! Біз сізді кітапханамызда күтеміз!

**Г. НУРКИШЕВА, Модельді балалар кітапханасының аға маманы.**

## Новое поступление книг в Модельной детской библиотеке

***Уважаемые читатели!***

С радостью сообщаем, что в нашу библиотеку поступили новинки книг для детей разного возраста. Мы приглашаем вас посетить нашу библиотеку и познакомиться с новым поступлением.

Вашему вниманию будут представлены книги таких авторов как: Ғ.Мүсірепов «Оян қазақ», А.Алимжанов «Стрела Махамбета», І. Есенберлин «Көшпенділер» («Кочевники») на двух языках, Б. Сокпакбаева «Меня зовут Кожа» и т.д. Мы предлагаем интересные сказки для малышей, серию Р. Л. Стайна «Ужастики», сказки на английском языке, книги по саморазвитию и многое другое.

Не упустите возможность погрузиться в мир литературы, и найти что-то интересное для себя! Ждем вас в нашей библиотеке!

**Г. НУРКИШЕВА, старший специалист Модельной детской библиотеки.**




## Кітап оқып жүрміз бе?

Қазір бір-бірімізден бұрынғыдай: «Қандай кітап оқып жүрсің?» — деп сұрамаймыз. Өйткені «Алдымен кітап оқисың ба деп неге сұрамайсың?» — деп қалса ше?.. Дамыған техниканың, ақпараттар тасқынының астында рухани құндылық тұншығып, ұмыт боп қалып барады.

Әлі есін білмейтін сәбиден еңкейген кәріге дейін ұялы телефонға үңілген заман. Ақиқаты бар, жалған, жалпақшешей уағызы бар сайттар сананы шырмап, уақытты ұрлап, жанжағыңа қарап, сабырмен өмір сүруге мұрша беретін емес. Тіпті шаруаны да өз ақылымызбен ойланып шешпей, ғаламтордың ақылына жүгінетініміздi қайтерсіз. Ол қай елдің әдіс-айласы, қазақы қалыпқа лайық па, жоқ па — ол жағына бас ауыртпаймыз. Сананың уалануы өз алдына, денсаулыққа, көз жанары мен жүйкеге тигізіп жатқан зиянын ойласақшы.

Иә, кітап оқу жайындағы әңгімеге оралайық.

Кім болса да, білім кітапта екенін әр адам түсінеді. Сонау ғасырда өмір сүрген бір ғұламадан білім артық па, байлық артық па деп сұрағанда: «Білім артық, себебі ол сені бағады, ал байлықты сен бағасың», «Білім — досыңды, ал байлық дұшпаныңды көбейтеді, білімді жұмсағанмен азаймайды, байлық жұмсасаң азаяды», «Білім артық — оны ұрыдан қорғаудың керегі жоқ, ал байлығыңды ұрыдан күнде қорғауың керек», «Білім көп болса да, іріп-шірімейді, дүниебайлық бүлінеді. Білімді адам орнымен сөйлейді, байлығы мол адам оған мас болып, мақтанады, астамшылық көрсетеді, сонысымен жұртқа жеккөрінішті болады» — деп, сөзіне сандаған мысал келтіріп жауап берген екен.

Міне, сол білімнің көзі — кітапқа деген қызығушылық неге төмендеп бара жатыр? Бір жылдары кітапханаға барып, екі-үш кітап қолтықтап келе жататын жандарды кездестіретін едік. Қазір олар көрінбейді. Балалардың да көркем әдебиетке құмарлығы өте төмен. Ұлы жазушы Ғабит Мүсіреповтің: «Кітап дегеніміз — алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік» — деген сөзі бар. Бала кітап оқысын десек, соған баулуды 4-6 жастан бастаған жөн екен. Кітап баланың ой-өрісін кеңейтеді, сөйлеу қабілетін, есте сақтауын, қиялын дамытады.

Қазіргі аға буын, яғни біздің бала кезімізде кітапқа деген қызығушылық жаппай әдетке айналған еді. Атақты Даниель Дефоның «Робинзон Крузо» атты шығармасы, басқа да осы тектес қызықты кітаптарды таласа-тармаса оқитынбыз.

Бесінші класс оқып жүрген кезімде көрші Мұқан деген ақсақал Қоңырат жағындағы туыстарына барып, сол жақтан жасыл мұқабалы «Батырлар жыры» деген кітап алып келді. Ол жерде үйге келген қонақ үшін арнайы жыршы шақырылып, жыр айтқызатын бұрынғы дәстүр сақталған екен. Ақсақал осыған сүйсініп, жыр кітабын «ауылға барғасын балаларға оқытып тыңдаймын» деп, қалап алған ғой…

Сабақтан келсем, үйдегілер: «Үлкен кісі шақырып жатыр» — деді. Барсам, ауылдың үш ақсақалы күншуақта әңгіме-дүкен құрып отыр екен. Мұқан ақсақалдың қолында — қалың жасыл кітап.

— Балам, бері кел, — деді кітапты ұсынып. — «Қобыландыдан» баста.

Қасында отырған Мәлік пен Сынекеш ақсақалдар да бас шұлғып, қоштай кетті. Барымды салып оқып отырмын:

…Қобыланды батыр шуу деді,
Құбылып бурыл гуледі.
Көлденең жатқан көк тасты
Саз балшықтай иледі…

Тыңдаушыларым: «Па, шіркін, батырдың аты да өзіне сай ғой!» — десіп, бас шайқап қояды. Айшылық алыс жерге сәске түсте-ақ жеткенін жырлаған тұста Сынекеш ақсақал: «Қайран бұрынғының адамы! Бүгінгілер Тайбурыл түгіл, тайға да міне алмайды», — деп кеңкілдеді.

Сөйтіп, үлкендердің батасын алып, алғашқы күнді аяқтадым. Келесі күні тағы бір жырды бастап, дауыстап оқып бердім. Мен болмай қалсам, көрші аталар менен бір класс жоғары оқитын Қуанышбайды шақырып, соған оқитады. Көбіне «сөзің анықтау шығады» деп, мені іздеп отырады. «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын» жырларындағы кейбір шумақтарды жаттап алдым.

Онымен қоса мектеп кітапханасынан да шықпайтынбыз. Сол кездегі кітаптың тапшылығынан ба, кітапханашы апай алған кітабыңды тапсырарда бетінің сызылып-бүлінбегенін тексерумен қатар, мазмұнын сұрап, оқығанға-оқымағаныңды да қадағалайтын. Оны айта алмасаң, кітап бермей қоятын. Кітап таңдауыңа да мұқият қарайтын еді. «Тынық Дон», «Мың бір түн», «Бату» сияқты кітаптарды «саған оқуға ерте, жоғарғы кластарға барғасын оқисың» деп, бермей қоятыны да есімде. Бәріміз кітапханадан кітап алып оқимыз, сабақтан келе жатып, оқыған ертегілерімізді бір-бірімізге таласа баяндаймыз, сөйтіп, үйге қалай жеткенімізді де білмей қалушы едік.

Ал қазіргі балалар телефонға телміреді де отырады. Ғаламаттардағы пайдалысы қайсы, зияндысы қайсы екенін ажыратып болмайтын ақпараттар ағынының баласының ой-санасы, дүниетанымының қалыптасуына қалай әсер етіп жатқанымен көп адамның ісі де жоқ…

Біздің ауданның орталығында кітап дүкені жоқ екен. Кітапхананың оқырманы да аз. Есесіне, тойхана, азық-түлік дүкені, тағысын тағы кәсіпкерлік нысандар көп. Турасын айтқанда, күндіз-түні мал табуды ғана ойлап, ал рухани азық алу мәселесіне еш қайырылмайтын болдық. Оның соны адами құндылықтардың жұтауына әкеледі.

Кейбір адамдар ұялы телефонда, яғни ғаламторда да кітап бар, жастар соны оқиды деген пікірді алға тартады. Әрине, техниканың жетістігін пайдаланған дұрыс. Бірақ ұялы телефоннан кітап оқу немесе оны теледидардан, радиодан тыңдау дегенді өз басым қабылдай алмаймын. Кітапты қолыңа алып отырып, онымен «бетпе-бет» сырласудың жөні бөлек. Оның үстіне, ұялы телефон, т.б. қондырғыларға ұзақ қарап отыру көзге, жүйкеге зиян екенін дәрігерлер айтып та, жазып та жүр.

Өзім жақында Ақтөбенің Ырғыз ауданының аяулы перзенті Әлім Алмат туралы естелік кітапты оқып шықтым. 1917 жылы туып, 101 жасқа жетіп қайтыс болған екен. Бүкіл дерлік өмірі Түркияда өткен қарттың өмірбаянын тебіренбей оқу мүмкін емес. Соғыс кезінде Польша жерінде немістердің тұтқынына түскен скрипкашының өмірін, кітап болып шықпаса, қайдан білер едік? Өнерінің арқасында неміс лагерінің азабынан аман қалып, Германия, Австрия, Франция білімін жетілдірген. Сөйтіп, ширек ғасыр Стамбул симфониялық оркестрінің скрипкашысы болған. Әлім Алмат сынды мықты адаммен таныстырған бұл кітаптан шексіз әсер алдым. «Жақсы кітап — жан азығы» екеніне тағы бір көз жеткіздім.

Бізге ата-бабадан қалған басты рухани байлық — оның ауыз әдебиеті. Оған қоса, қазақтың ақын-жазушылары XX ғасырдың басынан бергі бір ғасыр уақыттың ішінде әдебиетіміздің жауһарына айналған қаншама құнды дүниелер жазды? Осы қазынаны теккеке қалдырмай, жетімсіретпей, саналы ұрпақ тәрбиелеу жолында пайдаға асыра білуіміз керек. Қазіргі жаһандану тұсында ұлттың рухани иммунитеті осы қазына арқылы, кітап арқылы қалыптасады. Ал сіз қалай ойлайсыз?.. Кітап оқып жүрміз бе?..

**Меңдіхан ӘДІЛХАНҰЛЫ, ҚР құрметті журналисі.**



Фото - halyqline.kz.

# АҚПАРАТТЫҚ АЛАҢ – ИНФОРМАЦИОННОЕ ПОЛЕ

## Атаева Мансия Сыздыковна



Ушла из жизни ветеран педагогического труда, прекрасный наставник молодого поколения педагогов, грамотный специалист, много лет возглавлявшая районный методический кабинет отдела образования. Где бы не работала Мансия Сыздыковна, она умела сплотить педагогический коллектив для общих целей и задач.

Мансия Сыздыковна родилась 2 января 1949 года в с. Казгородок бывшего Енбекшильдерского района, ныне района Біржан сал.

Педагог высшей категории. Имела 43 года педагогического стажа, из которых 30 лет проработала в районном методическом кабинете отдела образования, 20 лет проработала в должности заведующей районным методическим кабинетом отдела образования.

За годы работы Мансия Сыздыковна показала себя, как опытный работник, в совершенстве владеющая методикой учебно-воспитательной работы, ответственно, организованно и личностно-ориентировано относилась к данному виду деятельности.

Основными личностными качествами являются ответственность, стремление к саморазвитию и инициативность. В педагогическом коллективе и в коллективе отдела образования её уважали за преданность к своей профессии и отзывчивость.

За свой безупречный труд имела следующие награды: Почетный работник образования РК; Отличник образования Казахстана; ветеран труда; Медаль им. Т. Бигельдинова; грамоты МОН РК, Управления образования, отдела образования.

Мансия Сыздыковна работала в соответствии с законами и иными нормативными правовыми актами, правил внутреннего трудового распорядка. Обеспечивала системную образовательную (учебно-воспитательную) и административно-хозяйственную работу своего коллектива, обладала системой знания о закономерностях педагогического процесса и современных психолого-педагогических теориях и технологиях обучения. Знала основные пути решения проблемы связи обучения и развития, структуру и функции учебной деятельности, стратегические принципы организации обучения, методы активизации развития личности в обучении. Создавала и поддерживала благоприятный морально-психологический климат в коллективе.

Прекрасный педагог, мастер своего дела Мансия Сыздыковна обладала такими качествами, как профессионализм, тактичность, преданность работе, высокая степень ответственности, искренность в отношениях, имела отличные организаторские способности, до последних лет жизни пользовалась заслуженным уважением коллег и бывших учеников.

Светлая память о Мансие Сыздыковне Атаевой навсегда останется в наших сердцах. От имени всей педагогической общественности района выражаем искренние соболезнования родным и близким, разделяя тяжесть невосполнимой утраты.

**К. БАЙТЕМИРОВА, председатель Буландынского филиала профсоюза работников образования.**

## УВАЖАЕМЫЕ ПОТРЕБИТЕЛИ

**по отводу сточных вод г.Макинск**

В соответствии с пунктами 10), 12) статьи 8 и подпунктом 4) пункта 1 статьи 20 закона Республики Казахстан «О естественных монополиях», уведомляем об изменении тарифов на регулируемые услуги по отводу сточных вод. С 1 сентября 2025 года согласно приказу № 67-ОД от 11.08.2025г. РГУ «Департамент Комитета по регулированию естественных монополий, защите конкуренции и прав потребителей Министерства национальной экономики Республики Казахстан изменены средневзвешенные тарифы по отводу сточных вод для потребителей ГКП на ПХВ «Макинск Жылу» в размере:

| № п/п | Группы потребителей | Наименование потребителей | Единица измерения | С учетом НДС |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 1-группа | физические лица, относящиеся к категории населения, организации, занимающиеся производством тепловой энергии, в пределах объемов потребления воды на собственные нужды в процессе производства тепловой энергии и объемов подпитки при предоставлении услуг горячего водоснабжения(при открытой системе горячего водоснабжения), организации, занимающиеся передачей и распределением тепловой энергии, в пределах объемов утвержденных нормативных технических потерь и организации, предоставляющие регулируемую услуги в сфере водоснабжения и (или) водоотведения | тенге/м3 | 113,67 |
| 2. | 2-группа | прочие потребители, не относящиеся в состав первой и третьей группам (ИП,ТОО,АО) | тенге/м3 | 132,17 |
| 3. | 3-группа | Организации, содержащиеся за счет бюджетных средств | тенге/м3 | 81,01 |
| | | Среднеотпускной тариф | | 121,81 |

**сел Байсуат, Алаколь, Боярка, Новокиевка**

Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Макинск Жылу» уведомляет, что в соответствии с Приказам РГУ «Департамент комитета по регулированию естественных монополий и защите конкуренции Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Акмолинской области» с 1 сентября 2025 года согласно приказу № 69-ОД от 12 августа 2025года ,утверждены дифференцированные тарифы по подачи воды из стационарных устройств для потребителей сел Байсуат, Аллаколь, Боярка, Новокиевка с учетом НДС составляет 409,24 тенге/м3.

**села Капитоновка**

Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «МакинскЖылу» уведомляет, что в соответствии с Приказам РГУ «Департамент комитета по регулированию естественных монополий и защите конкуренции Министерство национальной экономики республики Казахстан по Акмолинской области» с 1 сентября 2025 года согласно приказу № 70-ОД от 13 августа 2025года ,утверждены дифференцированные тарифы по подачи воды по распределительным сетям для потребителейсела Капитоновка с учетом НДС составляет 176,37 тенге/м3.

**Журавлевского сельского округа**

Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Макинск Жылу» уведомляет, что в соответствии с Приказам РГУ «Департамент комитета по регулированию естественных монополий и защите конкуренции Министерства национальной экономики республики Казахстан по Акмолинской области» с 1 сентября 2025 года согласно приказу № 68-ОД от 12 августа 2025года,утверждены дифференцированные тарифы по подачи воды по распределительным сетям для потребителей Журавлевского сельского округа с учетом НДС составляет 138,61 тенге/м3.

Скажи наркотикам – «нет»!

## Сможем ли снизить спрос

Лет 40 назад мы вдруг узнали, что наркомания – проблема не только «загнивающего Запада». Для многих это стало шоком.

Осознали, ставшее очевидным признали, стали думать, как детей уберечь от этой беды. Сложно. Но и в те самые 90-е годы, и позже мы все-таки знали, что есть группа риска, в нее попадают безработные, выросшие в неблагополучных семьях, не получившие хорошего образования… Сейчас не только по фильмам и публикациям видим, что ситуация иная. Часть людей творческих профессий, успешных (во всяком случае, до поры до времени) бизнесменов, молодежь, веселящаяся в ночных клубах «употребляют» чуть ли не у всех на глазах.

Проблема настолько остра, что 13 августа ее обсуждали на заседании Совета безопасности. Президент страны говорил о наркотизме. Если понятие «наркомания» характеризует наркотическую зависимость как заболевание, то «наркотизм» включает распространенность и характер потребления наркотических средств как социальное явление.

* * *

***В нулевые годы и сейчас***

– Неужели понятие «группа риска» в отношении потенциальных наркоманов утрачивает свой смысл? – этот вопрос мы задали старшему оперуполномоченному отдела профилактики и межведомственного взаимодействия управления противодействия наркопреступности областного департамента полиции Разие Курсановой.

В сфере противодействия коррупции Разия Талгатовна работает уже не один год, так что сравнивает «вчера и сегодня», делает выводы аргументированно, опираясь на опыт. И на вопрос о группе риска отвечает однозначно: «Да, сегодня это понятие в отношении подверженных наркотикам уже не работает. Выделить наиболее проблемную категорию людей невозможно».

То есть место жительства, род занятий, тем более уровень образования (кого сегодня дипломом удивишь), роли не играют. Разве что возраст: наркомания молодеет стремительно. Но среди молодых ребят, «подсевших» на это зелье, есть и те, кто растет с родителями-алкоголиками, и те, с кого в благополучной семье родители пылинки сдувают.

Причина? По мнению Разии Курсановой, одна из главенствующих – доступность и мнимая безопасность. В начале 2000-х были распространены инъекционные наркотики. В частности, экстракционный опий. Его еще называют «наркотиком для бедных».

– Но это – шприцы, «прячущиеся» исколотые вены, – объясняет Разия Талгатовна. – Нужно довериться тому, у кого покупаешь, кто поможет инъекцию сделать. Отсюда – передозировки, смерти внезапные…

Употребляли и так называемый «крокодил»: через некоторое время наркоман буквально гнил заживо. Это тоже отпугивало потенциальных подражателей.

– Теперь страха перед инъекциями, болью, опасностью заражения тем же ВИЧ нет, – анализирует ситуацию Разия Курсанова. – «Синтетика» в этом отношении безопасна. Ее разрушительное действие на организм внешне проявляется не так зримо и не так быстро.

В начале 2000-х среди подростков-токсикоманов был популярен клей «Момент», потом как-то затихло. Сейчас даже термин специальный появился – «Сниффинг»: вдыхают газ из зажигалок, баллончиков для их заправки.

Следующая причина – доступность наркотиков. Не надо самому встречаться с распространителем, все в режиме онлайн: оплатил, координаты получил, по сторонам оглянулся, взял, отошел, дозу употребил.

* * *

***Кто распространяет***

Понятие «группа риска», по мнению Разии Талгатовны, сейчас применимо по отношению к распространителям. Тем самым закладчикам, которых ловят быстро. И колонии ими переполнены.

В подавляющем большинстве это подростки, желающие быстро заработать, купить себе то, что семья позволить не может. Вот они как раз почти все – из семей совсем небогатых. Часто из неполных.

Задержанный четырнадцатилетний мальчик объяснил: «Я бы только на самокат заработал и все». Разия Талгатовна помнит его на школьной беседе, так что сказать «не предупреждали» нельзя. Но был уверен, что именно его как раз не поймают. Напрасно.

В ходе недавнего рейда задержали двух пареньков, живших с отцами в их новых семьях. Не с мамами. Растущее количество отцов-одиночек не может не тревожить.

Еще одного пойманного закладчика воспитывала тетя, ставшая опекуном после смерти его мамы. Причем сам он учился в колледже по специальности «учитель физкультуры». Сам не употреблял, были нужны деньги.

– Почему полиция не работает? – один из вопросов, наиболее часто задаваемых полицейским на встречах с родителями. – Почему нельзя задержать тех, кто в различных приложениях предлагает работу курьерами? Ясно же, что за этой ширмой – распространение наркотиков. Почему их не задерживают?

Полиция работает, IT-подразделения усиливают. Но часто преступники используют подложные, зеркальные, даже иностранные адреса. Три уничтожают, тут же возникают пять новых. Чтобы создать новый адрес, достаточно изменить один символ.

* * *

***И вновь: семья и школа***

Дефицит живого общения, отсутствие доверительных отношений между родителями и детьми. Учителя, школьные психологи не становятся теми значимыми взрослыми, с кем можно посоветоваться в минуты тревог и сомнений.

Это причины сложившейся не просто тревожной, опасной ситуации. Вернее, корни у наркотизма гораздо глубже, но перечисленное – это то, на что повлиять можно и должно.

Очень сложно, конечно. И не только потому, что времени у зарабатывающих деньги родителей (для детей же!) катастрофически мало… Исчезает потребность в живом общении, а значит, и навыки простого душевного разговора. Увы, эмоциональная отчужденность – одна из примет нашего времени.

Но посмотреть в глаза своему ребенку, знать круг его общения, быть в постоянном контакте с учителями, кураторами… Попытаться разобраться вместе с ребенком в опасных объявлениях о заработках: «Где это кухарке такие деньги платят? Посмотри, с этого адреса работу предлагают в нескольких городах. Почему по этому номеру нельзя перейти в мессенджер? Подумай об этом».

Если не уберегли, беда все-таки случилась, быть рядом. Как бы сложно это ни было.

Одна из трех подростков, поставленных в прошлом году на наркоучет (медикаментозная зависимость), – пятнадцатилетняя девочка, живет с отцом. О дочери он заботится, но понятно, что нестарый мужчина пытается создать новую семью. Полный контроль за дочерью обеспечить не может. Не считает нужным: «Она же пролечилась, слово мне дала. Отпустил погулять вечером с друзьями».

– Так это не работает, – говорит Разия Курсанова. – Контроль должен быть тотальным. Одному это сделать невозможно, но не надо стесняться просить помощи у родственников, друзей.

* * *

***О спросе и предложении***

И никакого толерантного отношения: «Побалуется – бросит». И у нас сторонников легализации марихуаны становится больше. Аргументы: успокаивает, снимает стресс, человек, севший за руль в алкогольном опьянении куда опаснее покурившего анашу.

Из практики специалистов: из десяти употреблявших ее человек примерно пять бросают и забывают об этом. Трое-четверо продолжают эпизодически это делать. Один-два переходят на более тяжелые наркотики.

По поводу ужесточения или смягчения наказания мнения различные. Для закладчиков сроки заключения снизили. Но если семнадцатилетний парень проведет в местах заключения вместо прежних десяти семь лет, что от этого изменится? Для него, для его семьи? Не наказывать нельзя, но, видимо, делать это надо как-то более дифференцированно. В зависимости от возраста и причин, толкнувших молодого человека на преступление.

Что касается производителей смертельного зелья, организаторов продаж, то здесь мнения совпадают: ужесточать до максимальных размеров.

Из личных впечатлений Разии Курсановой: «Были на задержании. Увидели на холодильнике «карту желаний» супруги арестованного. Желания серьезные такие, красивые: престижный автомобиль, переезд в другую страну… Не знать, чем занимается ее супруг, не могла. Она ведь тоже мать, почему ее не волнует, за счет чего? И, главное, кого?»

Спрос диктует предложение – универсальный закон экономики. Для производства и распространения наркотиков тоже. Ликвидировать спрос на зелье раз и навсегда не удавалось еще ни в одной стране мира. Но минимизировать его до уровня, не угрожающего безопасности страны, необходимо. Сделать это можно только общими усилиями.

**Н. МИТЧИНОВА, «Акмолинская правда».**